

- коммуникативтілігі (үздіксіз қарым-қатынас).

Компьютерлік технологияларды техникалық оқыту құралдары ретінде қолданудың мәселелері елімізде біршама зерттелгенімен, мультимедиалық технологиялардың оқыту процесіндегі мүмкіндіктері мүлде зерттелмеген. Бұл мәселе 1995 жылдардан бастап тек шет елдерде ғана қарастырыла бастады. Білім беру жүйесін дамытудың болашағын болжау, тенденциялары мен перспективаларын айқындау үшін, осы салада белгілі бір жетістіктерге қол жеткізген дамыған шет елдердің тәжірибесіне талдау жасап, оны меңгере білу қажет.

Қортындылап айтқанда білім беру саласындағы шет елдік ғылыми-зерттеу жобалары Европадағы жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне кітапханаларды, зертханаларды, оқу курстарын мультимедиалық технологиялар негізінде бірлесе пайдалануға мүмкіндік берді.

Әдебиеттер:

- 1 Прессман Л.П. Педагогические основы создания и использования ЭЗС в средней общеобразовательной школе: автореф. дисс... докт. пед. наук. - Москва, 1981. - 40 с.
- 2 Шахмаев Н.М. Использование технических средств в преподавании физики. - М.: Просвещение, 1964. - 167 с.
- 3 Иманов С.Ш. Роль, место и методика применения технических средств обучения в преподавании физики в средней школе: автореф. дисс. докт. пед. наук. - Баку, 1973. - 83 с.
- 4 Ивашкевич Н.П. Технические средства обучения. - М.: Просвещение, 1971. - 215 с.
- 5 Құдайқұлов М.А. Некоторые вопросы кинофикации учебного процесса в школах Казахстана: дисс... канд. пед. наук. - Шымкент, 1965. - 310 с.
- 6 Құдайқұлов М.А. Оқу киносы (студенттерге арналған оқу құралы). - Алматы, 1962. - 134 с.
- 7 Құдайқұлов М.А., Рах Г.И., Вахольский Б.М. Технические средства обучения в школе (методические пособие для учителей). - Алматы: Мектеп, 1969. - 156 с.
- 8 Құдайқұлов М.А. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалану. - Алматы, 1972-21 б.
- 9 Өстеміров К. Оқыту құралдарын пайдалану негіздері. - Алматы: Мектеп, 1989. - 88 б.
- 10 Дүйсенова С.С. Жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін оқытуда техникалық оқыту құралдарын қолдану: пед. ғыл. канд... дисс. - Алматы, 1999. - 146 б.
- 11 Жвингилас Ю.И. Подготовка учебных телевизионных передач по физике и методика их использования: автореф. дисс. канд. пед. наук. Москва, 1971. - 16 с.
- 12 Редко Г.Б. Дидактические основы применения учебного телевидения в обучении физике в средней общеобразовательной школе: автореф. дисс. докт. пед. наук. - Москва, 1994. - 38 с.
- 13 Нургалиев Т.К. Педагогические возможности использования школьного телевизионного технического центра в учебно-воспитательном процессе сельской школы: дисс. канд. пед. наук. - Алматы, 1990-152 с.
- 14 Архангельский С.И. Учебное кино. Учебное пособие для пединститутов. - М.: Учпедгиз, 1959 - 264 с.

Салжанова Ә.С.

«Үштөбе тірек мектебі (РО)» КММ, Қарағанды қ.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ХИМИЯ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада жалпы білім беретін мектептерде химия сабағында PISA тапсырмаларын қолдану арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жайлы баяндалады.

Кілт сөздер: жалпы білім беретін мектеп, химия пәні, функционалдық сауаттылық, PISA тапсырмалары.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі күзiреттілікті, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалады. Функционалды

сауаттылық оқытудың нәтижесі ретінде мектептегі әрбір оқу пәні шығармашылық сипаттағы тапсырмалар арқылы қалыптасады.

Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасына негізделген ең танымал халықаралық бағалау зерттеулерінің бірі Экономикалық Ғылымдар және Даму Ұйымының (ЭБДҰ) демеушілігімен жүргізілетін халықаралық студенттерді бағалау бағдарламасы (PISA) болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және 4-8 сынып оқушыларын халықаралық салыстырмалы зерттеулерге дайындау аясында Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығымен «Зейін» жобасын әзірледі.

Жоба оқушылардың функционалды сауаттылық деңгейін анықтауға және білім беру сапасын арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, деректерді өңдеу мен түсінуді, жаңа нәтижелерді талдауды, стандартты емес есептерді шешуді талап етеді. Мектептерде логикалық, сыни және сындарлы ойлау негіздерін қалыптастыру мақсатында оқытудың тиімді нысандары мен әдістері енгізілуде, бұл білім беру нәтижелеріне жетудің табыстылығын, алған білімдерін оқу-тәжірибелік қызметте қолдана білуді қамтамасыз етеді.

PISA тестілеуі жаратылыстану сауаттылығына назар аударады. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық – адамның жаратылыстану-ғылыми білімдерді түсінуі және құбылыстарды түсіндіруі, ғылыми дәлелдемелерге негізделген қорытындыларды пайдалану қабілеті. сондықтан жаратылыстану пәнінің мұғалімдері өз сабақтарында PISA типті тапсырмаларды қолдану және оқушыларға осы тапсырма түрімен жұмыс істеуді үйрету керек. Мысал ретінде, баспасөзде жарияланған тапсырмаларды алуға болады, бірақ олардың саны көп емес, сондықтан тапсырмаларды мұғалімдер өздері құрастырады.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыруда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде химия сабағының орны ерекше. Оқушының функционалды сауаттылығын дамыту мәселесіне мынадай тұжырымдаманы ұсынуға болады:

1. Оқушының жаратылыстану-ғылыми білімдерді түсінуі;
2. Ғылыми мәселелеріне қатысты дәлелдемелерге негізделген қорытындыларды пайдалану;
3. Ғылыми-зерттеу нәтижелерін көрсете білуі;
4. Әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға үйрету.

7-сынып оқушыларының химия сабағында қолдануға болатын тапсырмаларды әзірледім.

№1 тапсырма. Кейбір заттарды сыртқы ұқсастықтарына қарап шатастырып алуға болады, ал сендер оларды бір-бірінен қалай ажырата аласыңдар?

	Белгілері	
Заттар	Шатастырылуы мүмкін	Ажыратуға болады?
Су және қант ерітіндісі		
Қант және тұз ұнтағы		
Су мен сіркесуы		

Қорытынды жасаңдар:


1. Заттарды ажырату үшін

керек.

2. Заттар әртүрлі физикалық қасиеттер көрсетеді, себебі олар

№2 тапсырма. Өртсөндірушілердің жұмысы, шыққан өрттің кейбір жағдайларын жою болып табылады. 1-суретте көрсетілген әртүрлі жағдайлардан өртсөндіру немесе одан сақтану жолдарын анықтаңдар (қандай жағдайда жою керек екені бағдаршамен көрсетілген):

1. көмірқышқыл газымен;
2. сумен;
3. құммен;
4. отқа төзімді жамылғылардың көмегімен.



1-сурет. Тапсырма.

№3 тапсырма. Мына карточкаларды пайдаланып, қандай қышқылдардың формулаларын құруға болады және қышқылдар қалай аталады?



Мектепте химия пәнін осындай сияқты тапсырмаларды орындау функционалды сауаттылықты қалыптастыруға ықпал етеді. Яғни білімді қалыптастыру, іскерлікті дамыту, меңгерілген дағдыларды еркін пайдалану, іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін дамыту, функционалдық мәселелерді шешу тәжірибесін қалыптастыру жағдайларын құру болып табылады.

Әдебиеттер:

1. «Білім беру мекемелері қызметкерлерін ақпараттық-коммуникациялық технология саласы бойынша біліктілігін көтерудің ғылыми-әдістемелік негіздері» Алматы – 2012 ж.
2. «Биология және салауаттылық негізі» ғылыми-әдістемелік журналы №5 2014ж
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012- 2016 жылдарға арналған Ұлттық жоспары. Ғылыми-әдістемелік журнал №4 2007 ж.

Салиев Е.Н., Рамазанов М.И.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ОРНЫ

Аннотация. Орта білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылық аса маңызды болып табылады. Осы бағыттағы жұмысқа математика пәні бойынша оқушылардың өзіндік жұмысын үйлестірген жағдайда нәтижені арттыруға болатындығы мақалада сипатталған.

Кілт сөздер: оқыту әдістемесі, өзіндік жұмыс, функционалдық сауаттылық, оқыту нәтижесі